



**Бұйрық**

18 шілде 2023 ж.  
Астана қаласы

**Приказ**

№ 111-Нж  
город Астана

**2023-2025 жылдарға арналған  
ғылыми және (немесе) ғылыми  
техникалық жобалар бойынша  
гранттық қаржыландыру  
жөніндегі Ұлттық ғылыми  
кеңестердің шешімдерін бекіту  
туралы**

«Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына, «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысына және «Ұлттық ғылыми кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы №519 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру жөніндегі «Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология», «Геология, минералды және көмірсутек шикізатын өндіру және қайта өңдеу, жаңа материалдар, технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен конструкциялар», «Энергетика және машина жасау», «Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар», «Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер», «Өмір және денсаулық туралы ғылым», «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер», «Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі», «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс» басым бағыттары бойынша Ұлттық ғылыми кеңестердің шешімдері осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Ғылыми жобалар және бағдарламалар басқармасы жоғарыда аталған басым бағыттар бойынша 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру жөніндегі конкурстың нәтижелерін Ғылым комитетінің ресми сайтына жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Ғылыми жобалар және бағдарламалар, Бюджеттік жоспарлау және Бухгалтерлік есеп басқармалары:

1) 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру жөніндегі шарттар жасауды;

2) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 386-бабының 2-тармағына сәйкес Ұлттық ғылыми кеңестердің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру туралы шешім қабылданған күнінен бастап осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген шарттардың күшіне енуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға



Д. Ахмед-Закн